

**"Өмірзақ ауылының жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы"  
Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 мамырдағы № 16/182  
шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 2 мамырдағы № 2/9  
шешімі

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына және "Жергілікті  
қоғамдастық жиналысының үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 бұйрығына өзгерістер  
енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 16  
қаңтардағы № 3 бұйрығына сәйкес, қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. "Өмірзақ ауылының жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту  
туралы" Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 мамырдағы  
№ 16/182 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №  
3654 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

4-тармақта:

оныншы абзац алып тасталсын.

2. Осы шешім қол қойылғаннан кейін күшіне енеді және алғашқы ресми  
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтау қалалық мәслихатының төрағасы*

*С.Т.Зәкенов*